

«Energy Solutions Center» ЖШС
Жалғыз қатысушысының шешімімен
бекітілді
(«Самұрық-Энерго»
Басқармасының 2016 ж. «19»
01 №2 хаттамасы) АҚ

«Energy Solutions Center»
Жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің
Жарғысы

Астана қаласы, 2016

1-бап. Жалпы ережелер

1. «Energy Solutions Center» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (бұдан әрі-Серіктестік) Қазақстан Республикасының заңнамаларына (бұдан әрі – заңнама) сәйкес күрылды, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексін, «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша серіктестіктер туралы» Қазақстан Республикасының Занын (бұдан әрі – Зан), Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік-құқықтық актілерін, осы Жарғыны басшылыққа алады.

2. Серіктестіктің жалғыз қатысушысы (бұдан әрі – Қатысушы) «Самұрық-Энерго» акционерлік қоғамы (10.05.2007ж. заңды тұлғаның мемлекеттік тіркеуден откені туралы 26877-1910-АҚ күелігі), орналасқан жері: Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы, 15А, «Q» бизнес-орталығы, Б блогы, деректемелері: СТН 620300292280, БСН 070540008194, банктік деректемелері: «Қазақстан Халық банкі» АҚ №139900 АОФ-дағы ЖСК KZ216010131000078623, БСК HSBKKZKX. КОД 17.

3. Серіктестіктің толық атауы:

- 1) мемлекеттік тілде: «Energy Solutions Center» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі;
 - 2) орыс тілінде: товарищество с ограниченной ответственностью «Energy Solutions Center»;
 - 3) ағылшын тілінде: «Energy Solutions Center» Limited Liability Partnership.
- Серіктестіктің қысқарған атауы:
- 1) мемлекеттік тілде: «ESC» ЖШС;
 - 2) орыс тілінде: ТОО «ESC»;
 - 3) ағылшын тілінде: «ESC» LLP.

4. Серіктестіктің орналасқан жері (заңды мекен-жайы): Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Есіл ауданы, Қабанбай батыр даңғылы, 15, А, «Q» бизнес-орталығы, Б блогы.

5. Серіктестіктің қызмет ету мерзімі шектеусіз.

2-бап. Серіктестік қызметінің мақсаты мен түрлері

1. Серіктестік Қазақстан Республикасының және басқа елдердің аумағында өндірістік, коммерциялық және дедалдышқ қызметті жүзеге асыру үшін күрылады.

2. Серіктестіктің қызметі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларына сәйкес келуі тиіс және «Самұрық-Энерго» АҚ мен дауыс беретін акцияларының елу және одан көп пайызы (жарғылық капиталдағы қатысу үлесі) тікелей және жанама тиесілі оның еншілес және тәуелді үйімдары үшін мынадай қызметтерді көрсетуден тұрады:

- көлік қызметін көрсету;
- жылжымайтын мүлікті басқару, жылжымайтын мүлікті жалға беру, сатып алу, салу;
- қызметтік ғимараттарды пайдалану және жабдықтау қызметін орындауды жүзеге асыру;
- мамандандырылған кеңселік қызмет көрсету;
- автобустармен адам тасымалдау;
- жолаушыларды жерде тасымалдаудың басқа санаттарға жатпайтын басқа да түрлері;

- көлік- экспедициялық қызмет;
- зандармен тыйым салынбаған және Жарғыда көрсетілген қызметпен технологиялық байланысты емес қызметтің басқа түрлерін жүзеге асыру.

3. Тізбесі Қазақстан Республикасының заңнамаларымен белгіленетін жекелеген қызмет түрлерімен Серіктестік тек арнайы рұқсат (лицензия) болған жағдайдаған айналыса алады.

Серіктестіктің лицензия алуға қажет қызметті иелену құқығын жүзеге асыру мүндай лицензияны алған сәттен немесе онда көрсетілген мерзімнен бастап жүзеге асырылады және Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде өзгедей көзделмеген жағдайда, оның қолдану мерзімі аяқталған кезде тоқтатылады.

3-бап. Серіктестіктің зандық мәртебесі, құқықтары мен міндеттері

1. Серіктестік мемлекеттік тіркеуге алынған кезден бастап занды тұлға құқығына ие болады.
2. Серіктестік шағын кәсіпкерлік субъектісі болып табылады.
3. Серіктестіктің мөрі, мөртабаны, дербес балансы, банктерде шоты, өзінің атауы жазылған бланкілері бар.

Серіктестіктің өз тауар (фирмалық) белгісі, нышандық белгісі, ұлгілері болуы мүмкін, оларды Серіктестіктің Байқаушы кеңесінің келісімін алғаннан кейін Бас директор бекітеді және белгіленген тәртіpte тіркеледі.

4. Серіктестік қызметінің мақсатына жету үшін өз атынан мәмілелер жасауга, мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтарды сатып алуға, жауапты болуга, сотта талапкер және жауапкер болуга құқылы.

5. Серіктестік Қазақстан Республикасының аумағында және шетелдерде филиалдары мен өкілдіктерін ашуға, басқа да занды тұлғалармен бірлестіктерге (одақтарға) кіруге, сонымен қатар ҚР қолданыстағы заңнамаларына сәйкес өзге де занды тұлғаларының қатысуышы болуга құқылы.

6. Серіктестік міндеттемелері бойынша өзіне тиесілі барлық мүліктерге жауап береді. Мемлекет Серіктестіктің қарыздарына жауап бермейді. Серіктестік мемлекеттің қарыздарына жауап бермейді.

Серіктестік Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларда көзделген жағдайларды қоспағанда, өзінің Қатысуышының міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

7. Серіктестіктің Қатысуышы оның міндеттемелері бойынша жауап бермейді және Серіктестіктің жарғылық капиталына қосқан салымының құны шегінде Серіктестік қызметімен байланысты залалдар тәуекеліне жауапты болады.

8. Серіктестік Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларына сәйкес облигациялар және өзге де құнды қағаздар шығаруға құқылы.

4-бап. Серіктестіктің Жарғылық капиталы мен мұлкі

1. Серіктестіктің Жарғылық капиталы Қатысуышының жеке салымы негізінде қуралған 151 500 (жүз елу бір мың бес жүз) теңгені құрайды.

2. Серіктестіктің Жарғылық капиталының мөлшері Жарғы ережелеріне және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларына сәйкес өзгеруі мүмкін.

3. Серіктестіктің Жарғылық капиталының салымы акша, бағалы қағаздар, заттар, муліктік құқықтар, оның ішінде жерді пайдалану құқығы, зияткерлік қызмет нәтижелеріне құқық және басқа мүлік болуы мүмкін.

Салымды жеке мүліктік емес құқықтар немесе өзге материалдық емес игіліктер түрінде салуга жол берілмейді.

4. Қатысушының шешімі бойынша, Серіктестіктің жарғылық капиталының мөлшері өзгеруі мүмкін.

Серіктестіктің жарғылық капиталын көбейту мынадай жолдармен:

- Қатысушы салған қосымша салымдар арқылы;
- Серіктестіктің меншікті капиталы, оның ішінде резервтік капитал есебінен;
- Серіктестік құрамына жаңа қатысушыларды қабылдау арқылы жүзеге асырыла алады.

Серіктестіктің жарғылық капиталын мемлекеттік тіркеуге алынған кездегі Қазақстан Республикасының заңнамаларымен белгіленген мөлшерден азайтуға жол берілмейді.

5. Серіктестіктің мүлкі Қатысушының жарғылық капиталға салған бастапқы жарнасы, Серіктестіктің шаруашылық және кәсіпкерлік қызметінен түскен қосымша жарналары, табысы, қарыз қаражаты және белгіленген тәртіpte сатып алынған немесе алынған басқа мүлік есебінен, сонымен қатар заңнамалармен тыйым салынбаған өзге көздерден куралады.

Серіктестік мүлкі оның тенгерімінде ескеріледі.

6. Серіктестіктің жыл бойындағы қызметінің нәтижелері бойынша алынған таза табысты болу Серіктестік Қатысушысының Серіктестіктің тиісті жылдағы қызмет нәтижелерін бекітуге арналған шешіміне сәйкес жүргізіледі.

5-бап. Серіктестіктің органдары

1. Серіктестіктің органдары мыналар болып табылады:

- 1) Қатысушы – жоғары орган;
- 2) Байқаушы кеңес – байқаушы орган;
- 3) Бас директор – жеке-дара атқарушы орган.

2. Серіктестік органдарының құзыреті, сонымен қатар олардың шешім қабылдау тәртібі немесе Серіктестік атынан сөз сөйлеуі Заңмен, басқа заңнамалық актілермен және Серіктестік Жарғысымен белгіленеді.

6-бап. Қатысушы

1. Қатысушы мыналарға:

- 1) заңнамаларда және осы Жарғыда көзделген тәртіpte Серіктестіктің істерін басқаруына қатысуга;

- 2) Осы Жарғының 10-бабында көзделген тәртіпте Серіктестіктің қызметі туралы ақпарат алуға, Серіктестіктің бухгалтерлік және өзге құжаттарымен танысуға;
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамаларына, осы Жарғыга және Қатысушының шешімдеріне сәйкес Серіктестік қызметінен табыс алуға;
- 4) Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес өзінің Серіктестікке қатысуын тоқтатуға;

5) Серіктестікті таратқан жағдайда өзінің пропорционалды қатысу үлесіне қарай кредиторлармен есеп айырысқаннан кейін қалған Серіктестік мүлкінің бір бөлігінің тиісті құнын немесе Серіктестік мүлкінің осындай бөлігін заттай алуға;

6) Қазақстан Республикасының заңнамаларында көзделген барлық құқыктарды иеленуге және оларды пайдалануга құқылы.

2. Қатысушы мыналарға:

- 1) Қазақстан Республикасы заңнамаларының, осы Жарғының талаптарын сақтауға;
- 2) Қазақстан Республикасының заңнамаларында және осы Жарғыда көзделген тәртіпте, мөлшерде және мерзімде Серіктестіктің жарғылық капиталына салым салуға;
- 3) Серіктестік коммерциялық құпия деп жариялаған мәліметтерді жария етпеуге міндетті.

3. Қатысушының ерекше құзыретіне мына мәселелер жатады:

- 1) Жарғыға өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізу, Серіктестіктің орналаскан жері мен фирмалық атауын өзгерту, Жарғыны жаңа редакцияда бекіту;
- 2) Серіктестік қызметінің басым бағыттарын белгілеу;
- 3) Серіктестіктің Даму стратегиясын, Серіктестіктің Даму жоспарын бекіту, сондай-ақ Серіктестіктің Даму стратегиясының іске асырылуына, Серіктестіктің Даму жоспарының орындалуына мониторинг жүргізу;
- 4) Серіктестіктің Байқаушы кеңесінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін, оның Төрагасы мен Байқаушы кеңесінің мүшелерін сайлау, олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Серіктестіктің Байқаушы кеңесі мүшелерін олардың өз міндеттерін атқарғаны үшін сыйакы мен өтемекі төлеу тәртібін, оның мөлшерін белгілеу;
- 5) Серіктестіктің Бас директорын белгіленген мерзімге, бірақ бес жылдан аспайтын уақытқа тағайындау және Бас директордың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату;
- 6) Серіктестіктің жарғылық капиталындағы қатысу үлесін немесе оның мүлкін сенімді басқаруға беру туралы шешім кабылдау және мұндай берудің талаптарын анықтау;
- 7) Серіктестіктің басқа шаруашылық серіктестіктерге, сондай-ақ коммерциялық емес ұйымдарға қатысуы;
- 8) бекітілуі Серіктестік Жарғысымен оның өзге органдарының құзыретіне жатқызылған құжаттардан басқа, ішкі ережелерді, оларды қабылдау рәсімдерін, Серіктестіктің ішкі қызметін реттейтін өзге де құжаттарды бекіту;
- 9) Серіктестікті қайта құру немесе оны тарату туралы шешім қабылдау;
- 10) тарату комиссиясын тағайындау және тарату тенгерімін бекіту;
- 11) Серіктестіктің барлық мүлкін кепілге қою туралы шешім қабылдау;
- 12) Серіктестіктің облигациялар шығару шарттары мен тәртібін белгілеу;

- 13) Занға сәйкес Серіктестіктің мүлкіне қосымша жарналар енгізу туралы шешім қабылдау;
- 14) Серіктестік Қатысушы тағайындастын және онымен келісілетін қызметкерлерінің лауазымдар тізбесін бекіту;
- 15) Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес, Серіктестік қызметкерлерінің отырған қызметіне сәйкестігіне және кадрлар резервін қалыптастыру үшін аттестациядан өткізу шарттары мен талаптарын бекіту, сондай-ақ міндетті аттестациялауға жататын қызметкерлердің тізбесін бекіту;
- 16) Серіктестіктің атқарушы органдың басшысының лауазымдық жалакысының мөлшерін, еңбегіне ақы төлеу және сыйакы беру шарттарын белгілеу;
- 17) Серіктестіктің атқарушы органдың басқа ұйымдарда жұмыс істей мүмкіндігіне қатысты келісім беру туралы шешім қабылдау;
- 18) Серіктестіктің Корпоративтік басқару кодексін, сондай-ақ оған енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларды бекіту;
- 19) Серіктестіктің Кадр саясатын бекіту;
- 20) Серіктестіктің Байқауши кенесі туралы ережені бекіту;
- 21) бекітілген штаттық саны аясында Байқауши кенес хатшылығының штаттық кестесін қоспағанда, Серіктестік қызметкерлерінің жалпы санын, ұйымдық құрылымын және штаттық кестесін бекіту;
- 22) қызметтік женіл автомобилдер мен әкімшілік аппаратты орналастыру үшін алаң нормаларының тиесілілік нормативтерін белгілеу;
- 23) Серіктестіктің қызметтік іссапарларға жіберілетін қызметкерлерінің шығындарын өтеу тәртібі мен шарттарын белгілеу;
- 24) қызметкерлерге ұялы байланысты пайдалану құқығын, өкілдік шығыстар шектелімдерін берген кезде Серіктестік каражаты есебінен өтелетін шектелімдерді белгілеу;
- 25) Серіктестіктің жылдық каржылық есептілігін бекіту және таза табысты болу;
- 26) Серіктестіктің Бас директоры үшін ынталандырушы негізгі көрсеткішті бекіту, сондай-ақ оларға қол жеткізуі жүзеге асыру;
- 27) Серіктестік қатысушысы мен үлесті сатып алушылар Серіктестік қызметі туралы ақпаратты беру тәртібі мен мерзімдерін бекіту;
- 28) Серіктестіктің басқа шаруашылық серіктестіктерді, акционерлік қоғамдарды және коммерциялық емес ұйымдарды құруға және олардың қызметіне қатысуы, сондай-ақ заңнамаларда көзделген жағдайларды қоспағанда, олардың акцияларын (қатысу үлестерін) иеліктен шыгаруға қатысуы туралы мәселені шешуге;
- 29) Серіктестіктің аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды белгілеу;
- 30) осы Жарғымен және заңнамалармен Қатысушының құзыретіне жатқызылған өзге мәселелер.
4. Серіктестіктің Қатысушысы Серіктестіктің қызметімен байланысты кез келген мәселені карауға қабылдауға құқылы.
5. Серіктестіктің Қатысушысы Серіктестіктің Байқауши кенесіне немесе Бас директорына өзінің ерекше құзыретіне жатпайтын өкілеттіктерді табыстауға құқылы.
6. Қатысушылар Серіктестіктің Байқауши кенесінің немесе Бас директорының Серіктестіктің ішкі қызметіне жататын мәселелер бойынша кез келген шешімін жоюға құқылы.

1. Байқаушы кенес Серіктестіктің Бас директорының қызметіне бақылау жасайтын орган болып табылады және өз қызметін занамаларға, осы Жарғыға, Серіктестіктің Қатысушысы бекітетін Байқаушы кенес туралы ережеге сәйкес жүзеге асырады.
2. Байқаушы кеңестің ерекше құзыретіне мынадай мәселелер жатады:
 - 1) жылдық қаржылық есептілікті алдын ала бекіту;
 - 2) Серіктестіктің Бас директорының орынбасарлары мен бас бухгалтерін тағайындау (жұмысқа қабылдау), басқа жұмысқа ауыстыру, лауазым атауын өзгерту және жұмыстан босату туралы шешімдер қабылдау;
 - 3) Серіктестіктің Бас директорының орынбасарларының лауазымдық жалақыларының мөлшерін, енбегіне ақы төлеу және сыйақы беру шарттарын белгілеу;
 - 4) Серіктестіктің Бас директоры орынбасарларының ынталандыруши негізгі қызмет көрсеткіштерін бекіту, сондай-ак оларға кол жеткізуге мониторингілеу жүзеге асыру;
 - 5) Серіктестік филиалдары мен өкілдіктерінің басшыларын тағайындау мен жұмыстан босатуды келісу;
 - 6) Серіктестіктің қызметін ұйымдастыру мақсатында Бас директор мен Қатысушы қабылдаған құжаттарды қоспағанда, Серіктестіктің ішкі қызметін реттейтін құжаттарды бекіту;
 - 7) Серіктестіктің басқа шаруашылық серіктестіктерінің, акционерлік қоғамдарының және коммерциялық емес ұйымдарының қызметіне қатысу туралы мәселені алдын ала келісу;
 - 8) Серіктестіктің филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу туралы шешімдерді қабылдау және олар туралы ережені бекіту;
 - 9) қызметтік, коммерциялық немесе өзге де занмен қоргалатын құпияны құрайтын Серіктестік және оның қызметі туралы ақпартты анықтау;
 - 10) Енбекақыны төлеу туралы ережені және Серіктестіктің қызметкерлеріне енбекақы төлеу схемасын бекіту;
 - 11) Серіктестіктің Есептік саясатын бекіту;
 - 12) тағайыналуын немесе тағайыналуын келісу Байқаушы кенес жүзеге асыратын Серіктестіктің, сондай-ак еншілес және тәуелді занды тұлғалардың басшы қызметкерлерінің тізілімін анықтау және бекіту;
 - 13) Серіктестіктің тәуекелдерді басқару саясатын бекіту;
 - 14) Серіктестіктің жалпы тәуекел-тәбетін, Серіктестіктің әрбір негізгі тәуекелге катысты төзімділік деңгейін бекіту және қабылдайтын тәуекелдердің деңгейін шектету үшін шектемелерді белгілеу, негізгі тәуекел көрсеткіштерін бекіту;
 - 15) Серіктестік тіркелімін және тәуекелдер картасын бекіту;
 - 16) Серіктестікегі тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылауды басқару жүйесін реттейтін ішкі құжаттарды бекіту;
 - 17) Серіктестіктің сипаттамасы берілген тәуекелдерді басқару, негізгі тәуекелдеріне жасалған талдау, сондай-ак Серіктестіктің тәуекелдерін мейлінше азайту бойынша жоспарлар мен бағдарламаларды іске асыру жөніндегі мәліметтер бойынша есебін карау;
 - 18) Серіктестіктің Байқаушы кенесі бекітетін ішкі құжаттар тізбесін белгілеу;
 - 19) нәтижесінде құны серіктестік активтері құнының жалпы мөлшерінің отыз бес және одан да көп пайызын құрайтын мүлікті Серіктестік сатып алатын немесе иеліктен шыгаратын (сатып алуы немесе иеліктен шыгаруы мүмкін) мәмілелер немесе өзара байланысты мәмілелер жиынтығын жасау туралы шешім қабылдау;

20) Бас директордың жарғылық капиталдағы қатысу үлесі он немесе одан көп пайызы Серіктестікке тиесілі заңды тұлға қатысушыларының (акционерлерінің) жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған қызмет мәселелері бойынша шешімдер қабылдауы туралы келісу;

21) Серіктестіктің демеушілік (қайырымдылық) көмек көрсету туралы мәселені келісу;

22) аудиторлық үйім көрсететін қызметке төленетін төлем мөлшерін белгілеу;

23) заңнамаларда және Жарғыда көзделген Серіктестіктің Қатысушының айрықша құзыретіне жатпайтын өзге мәселелер.

3. Байқауыш кеңестің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелер Серіктестіктің Бас директорының шешуі үшін беріле алмайды.

4. Байқауыш кеңес Жарғыға сәйкес Серіктестік Қатысушының құзыретіне жататын мәселелер бойынша шешімдерді қабылдауга, сондай-ақ Серіктестік Қатысушының шешімдеріне қайши келетін шешімдерді қабылдауга құқылы емес.

5. Серіктестіктің Байқауыш кеңесі белгіленген, бірақ 5 (бес) жылдан аспайтын мерзімге Қатысушы анықтаган мөлшерде тағайындалады. Серіктестіктің Бас директоры Байқауыш кеңесінің мүшесі бола алмайды.

6. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, Байқауыш кеңесінің құрамына сайланған тұлғалар шексіз рет қайта сайланған алады.

Байқауыш кеңесі құрамының сапалы жаңарту қажеттігін ескере отырып, кез келген тұлға Байқауыш кеңесі мүшесінің лауазымы қызметінде қатарынан 7 (жеті) жыл болған жағдайда, бұндай тұлғаны Байқауыш кеңесінің құрамына сайлау ерекше қарастырылуға жатады, бірақ Байқауыш кеңесінің бұндай мүшесінің өкілеттілік мерзімі 1 (бір) жылға тең болу тиіс.

Байқауыш кеңесі немесе оның бөлек мүшесі өкілеттілігінің мерзімі Қатысушы Серіктестіктің жаңа Байқауыш кеңесін сайлау немесе Байқауыш кеңесінің жаға мүшесін сайлау туралы шешімін қабылдау сәтінде аяқталады.

7. Қатысушы Байқауыш кеңесінің барлық немесе бөлек мүшелерінің өкілеттіктерін мерзімнен бұрын тоқтатуға құқылы.

8. Байқауыш кеңесін Төраға басқарады. Байқауыш кеңесінің Төрағасы Серіктестік Қатысушы мүшелерінің есебінен сайланады.

9. Байқауыш кеңесінің Төрағасы заңнама мен Жарғыда белгіленген тәртіpte:

1) Байқауыш кеңесінің отырыстарын шақырады;

2) Байқауыш кеңесінің жұмысын үйімдастырады, оның отырыстарын жургізеді;

3) Байқауыш кеңесінің отырыстарында хаттаманың жургізілуін үйімдастырады;

4) Қатысушының шешіміне сәйкес лауақымдық қызметақы мөлшерін белгілей отырып, Серіктестік атынан Бас директормен еңбек шартын жасасады.

10. Серіктестіктің Байқауыш кеңесінің Төрағасы болмаған жағдайда, Байқауыш кеңесінің шешімі бойынша Байқауыш кеңесі мүшелерінің бірі оны қызметін жүзеге асырады.

11. Байқауыш кеңесінің әрбір мүшесі бір дауыска ие. Байқауыш кеңесі қарастыратын мәселелер жөніндегі шешімдер Байқауыш кеңесі мүшелерінің көпшілік дауысы арқылы қабылданады. Дауыстардың саны тең баған жағдайда, Серіктестіктің Байқауыш кеңесінің Төрағасы дауыс берген шешімі қабылданады.

12. Байқауыш кеңесінің отырыстары оның Төрағасының бастамасы бойынша, Байқауыш кеңесінің кез келген мүшесінің, Бас директорының, сондай-ақ Серіктестік Қатысушының талабы бойынша шақырылады.

13. Байқауыш кеңесінің отырысын шақырау туралы талап Байқауыш кеңесінің ұсынылатын күн тәртібі бар тиісті жазбаша хабарламаны жолдау арқылы Байқауыш кеңесінің Төрағасына ұсынылады.

Байқауыш кеңесінің Төрағасы Байқауыш кеңесінің отырысын шақыру туралы талап келіп түсken күннен 10 (он) күннен кешіктірімей шақыруы тиіс.

Күн тәртібінің мәселелері бойынша материалдарды қоса отырып, Байқауыш кеңесінің отырысын өткізу туралы жазбаша хабарламалар Байқауыш кеңесінің мүшелеріне отырысты өткізу күніне дейін 3 (үш) күннен кешіктірмей жолдануға тиіс.

Отырысты өткізу туралы хабарламада отырысты өткізу күні, уақыты және орны туралы мәліметтер, сондай-ақ оның күн тәртібі болуы тиіс.

Байқауыш кеңесінің отырысы көрсетілген талапты ұсынған тұлғаны міндетті түрде шақыра отырып өткізіледі.

14. Байқауыш кеңесінің отырыстары кемінде тоқсанда бір рет өткізілуі тиіс.

15. Байқауыш кеңесінің мүшесі Серіктестіктің Байқауыш кеңесінің Төрағасын Байқауыш кеңесінің отырысында қатыса алмайтындығы туралы жазбаша хабарлама жолдау арқылы міндetti.

16. Егер Байқауыш кеңесінің отырысында Серіктестіктің Байқауыш кеңесінің сайланған мүшелердің санынан жартысының көбі қатысқанда, шешім қабылдауға құқылы.

Егер Байқауыш кеңесі мүшелерінің саны осы тармақта белгіленген кворумға жету үшін жеткіліксіз болған жағдайда, Байқауыш кеңес Серіктестік Қатысуышынан Байқауыш кеңесінің жаңа мүшелерін сайлауды талап етуге құқылы.

17. Тікелей тәртіpte өткізілген отырыста қабылданған Байқауыш кеңесінің шешімдері отырыста төрағалық еткен тұлға, осы отырыста қатысқан Байқауыш кеңесінің мүшелері және Байқауыш кеңесінің хатшысы құрастырган және қол қойған хаттамамен отырысты өткізген күннен 3 (үш) күн ішінде рәсімделеді және онда төмендегілер болуға тиіс:

1) Серіктестіктің аткарушы органының толық атауы және орналасқан жері;

2) отырысты өткізу күні, уақыты және орны;

3) отырыста қатысқан тұлғалар туралы мәліметтер;

4) отырыстың күн тәртібі;

5) дауыс берге шығарылған мәселелер және олар бойынша дауыс беру қорытындылары;

6) қабылданған шешімдер;

7) Байқауыш куеңесінің шешімі бойынша өзге мәліметтер.

18. Дауыс беруден қалыс қалған немесе күн тәртібінің мәселесі бойынша қабылданатын шешімге қарсы дауыс берген байқауыш кеңесінің мүшесі жазбаша негіздеме ұсынады. Байқауыш кеңесінің хатшыс бүндай негіздемені хаттамага, Байқауыш кеңесінің шешіміне тіркейді.

19. Байқауыш кеңесі Төрағасының қарауынша Байқауыш кеңесінің қарауына шығарылған мәселелер бойынша шешімдерді қабылдау сырттай дауыс беру арқылы мүмкін.

Байқауыш кеңесінің сырттай отырысының шешімі Байқауыш кеңесі мүшелерінің хаттамага қоса берілетін бюллетендерге кол қою негізінде хаттама түрінде рәсімделеді. Хаттамага Байқауыш кеңесінің Төрағасы және хатшысы қол қояды.

20. Байқауыш кеңесінің хаттамалары Серіктестіктің мұрагатында сакталады.

21. Байқауыш кеңесінің хатшысы Байқауыш кеңесі мүшесінің талабы бойынша оған танысу үшін Байқауыш кеңесінің хаттамасын ұсынуға және (немесе) Байқауыш кеңесі хатшысының қолымен және Серіктестік мөрінің баспа-таңбасымен немесе Байқауыш кеңесінің мөртабанымен расталған хаттама мен шешімнен үзінділерді беруге міндetti.

8-бап. Бас директор

1. Бас директор Серіктестіктің бірінші басшысы болып табылады және Серіктестіктің қызметіне басшылық етеді. Өз міндеттерін атқарған кезде Бас директор Серіктестіктің мұддесіне қарай адал және ұғынықты әрекет етуі тиіс.

2. Серіктестіктің Бас директорының күзыretін заңнамамен, Жарғымен, Серіктестіктің ішкі құжаттарымен анықталған Серіктестіктің басқа органдарының күзыреттеріне жатпайтын Серіктестіктің қызметін қамтамасыз етудің барлық мәселелері жатады, соның ішінде:

1) заңнамамен және Серіктестіктің Жарғысымен көзделген тәртіpte Серіктестік атынан мәмілелерді жасау;

2) Байқаушы кеңес және Серіктестік Қатысушы бекіткен құжаттарды қоспағанда, Серіктестіктің қызметі ұйымдастыруға бағытталған ішкі құжаттарды бекіту;

3) бекітілген бизнес-жоспары, бюджеті, даму жоспары аясында Серіктестіктің тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алу жылдық жоспарын бекіту;

4) Серіктестіктің барлық қызметкерлерімен орындалуы үшін міндетті шешімдерді қабылдау;

5) Байқаушы кеңесімен келіскең кейін белгіленген тәртіpte Серіктестіктің демеушілік (қайырымдылық) көмек көрсету туралы шешімдерді қабылдау;

6) Байқаушы кеңесінің мүшелері оларға жүктелген қызметтерді орындаған кезде Серіктестік қызметі туралы акпартты, соның ішінде құпия сипатагы ақпаратты жазбаша сұрауды алған сәтінен мерзімі 10 (он) күннен кешіктірмей уақытылы ұсыну;

7) Серіктестіктің Байқаушы кеңесімен келісілгеннен кейін жарғылық капиталындағы қатысу үлесі (акциялары) он және одан көп пайызы Серіктестікке тиесілі заңды тұлғаның Қатысушыларының (акционерлерінің) жалпы жиналышының күзыretіне жататын қызметінің мәселелері бойынша шешімдерді қабылдау;

8) Серіктестік Қатысушының және Байқаушы кеңесінің ерекше күзыretіне жатпайтын Серіктестіктің қызметін қамтамасыз етудің басқа да мәселелері бойынша шешімдерді қабылдау.

3. Бас директор төмөндегі қызметтерді атқарады:

1) Серіктестікті басқарады;

2) үшінші тұлғаларға қатысты Серіктестік атынан сенімхатсыз әрекет етеді; Серіктестік ұсыну құқығы бар сенімхаттарды береді, соның ішінде екінші біреуге тапсыру құқығы бар сенімхаттарды беру;

3) Серіктестік атынан мәмілелерді жасасады және олардың орындалуын қамтамасыз етеді;

4) Байқаушы кеңесі қабылдаған шешімдер негізінде Серіктестік атынан Бас директорының орынбасарларымен, бас бухгалтермен еңбек шартын жасасады, сондай-ақ олардың ауысуын және жұмыстан шығарылуын қамтамасыз етеді;

5) бекітілген жалпы штаттық саны шегінде Серіктестік қызметкерлерінің жұмыска қабылдаудын, ауысуын және жұмыстан шығарылуын жүзеге асырады, оларға қатысты ынталандыру шараларын және тәртіптік жазаны қолданады, қызметкерлердің еңбекақысын төлеу жүесін беліглейді, Серіктестік қызметкерлерінің лауазымдық еңбекақысын және Серіктестіктің штаттық кестесіне сәйкес еңбекақыларға жеке үстемелер мөлшерін белгілейді, Серіктестіктің қызметкерлеріне сыйақы беру мөлшерін анықтайды;

6) Бас директор орынбасарларының арасында міндеттерді, сондай-ақ өкілеттілік салаларын және жауапкершілігін үlestіреді;

7) Серіктестіктің жұмыс режимін белгілейді;

8) Серіктестіктің ағымдағы және перспективалық жоспарлар мен бағдарламаларының орындалуын қамтамасыз етеді;

9) Қатысушы, Байқаушы кеңесінің алдында Серіктестіктің жұмысы үшін жауапкершілік тартады;

10) Серіктестіктің және оның бөлімшелерінің банктік және басқа да шоттарды ашады;

11) бүйірек шығарады, өкім етеді;

12) Байқауши кеңесімен келіскеннен кейін Серіктестік филиалдары мен өкілдіктердің, еншілес ұйымдарының басшыларын тағайындауды және жұмыстан босатады;

13) Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте Серіктестіктердің қызметкерлерін мүліктік жауапкершілікке тарту туралы шешім қабылдайды;

14) Серіктестік Қатысушының және Байқауши кеңесінің шешімдерін іске асырады;

15) Серіктестік филиалдарының, өкілдіктерінің және еншілес ұйымдарының жұмысын үйлестіреді және бағыттайды;

16) Серіктестіктердің ішкі қызметінің өндірістік мәселелері бойынша шешімдерді қабылдайды;

17) Серіктестік атынан соттық және төрелік істерді козгайды және оларды талықлауға қатысады;

18) Қатысушының, Байқауши кеңесінің ерекше құзыретіне жатпайтын және заңнама мен Серіктестіктердің Жарғысына қайшы келмейтін тапсырмаларды орындау үшін қажетті Серіктестіктердің ағымдағы қызметіне қатысты қалған барлық мәселелер бойынша шешімдерді қабылдайды.

4. Бас директордың міндеттері, күккіттары және міндеттері осы Жарғымен, сондай-ақ Серіктестікпен жасалатын енбек шартымен анықталады. Байқауши кеңесінің Төрағасы немесе Серіктестік Қатысушы өкілеттік берген тұлға Бас директормен Серіктестік атынан жасалатын енбек шартына қол қояды.

5. Серіктестіктердің Бас директорына төмендегілерге тыйым салынады:

1) Қатысушының келісімінсіз Серіктестікten мүліктік табыстарды алуға бағытталған мәмілелерді жасасу (сыйға тарту, қарызға алу, өтеусіз пайдалану, сатып алушату және т.б. қоса алғанда);

2) Серіктестіпен және үшінші тұлғалармен жасасқан мәмілелер үшін Серіктестіктердің өзінен де, үшінші тұлғалардан да комиссиялық сыйакыларды алу;

3) Серіктестікке қатысты үшінші тұлғалардың атынан немесе олардың мүдделерінде шығару;

4) Серіктестіктердің қызметіне бәсекелес болатын кәсіпкерлік қызметін жүзеге асыруға.

Осы тармақтың 1), 4)- тармақшаларымен қарастыралған шектеулер Бас директордың өйеліне, барлық тікелей өзінің алдындағы және өзінен кейінгі туыстарға, сондай-ақ тұган агалары мен апаларына таралады.

Серіктестіктердің Қатысушысы сотта Бас директордың немесе жоғарыда көрсетілген туыстардың осы баптың 5-тармағымен көзделген тыйымдарды бұза отырып, серіктестікке жасаған шығындарды Серіктестікке өтелуін талап етуге құқылы.

9-бап. Серіктестіктердің ішкі аудит

1. Серіктестіктердің жылдық қаржылық есептілігін, сондай-ақ оның істердің ағымдағы жағдайын тексеру және дұрыстығын растау үшін Серіктестік Серіктестіктердің мүліктік мүдделерімен, Байқауши кеңесінің мүлшелерімен немесе Бас директормен байланысты емес аудиторлық ұйымды тартуға құқылы.

Серіктестік Қатысушы Серіктестіктердің қаржылық есептілігін аудиторлық тексеруін өз каражаты есебінен жүргізуі талап етуге құқылы.

2. Егер Серіктестіктердің Бас директоры Серіктестіктердің қаржылық есептілігіне аудиторлық тексерісті жүргізу қажет болған кезде немесе оның өткізуін Серіктестіктердің Қатысушысы талап еткен кезде одан бас тарса, бұндай тексеріс кез келген мүдделі

тұлғаның немесе Серіктестік Қатысушысының өтініші бойынша қабылданған сот шешімімен тағайындалуы мүмкін.

3. Серіктестік есепке алу мен есептілікті жүргізу тәртібі мен шынайылылығының сақталуына заңнамага сәйкес жауапкершілік тартады.

10-бап. Серіктестіктің акпаратты ашуы. Серіктестіктің құжаттары

1. Серіктестік Қатысушысыға оның жазбаша сұрауы бойынша Серіктестік Қатысушысының мүдделерін қозгайтын Серіктестіктің қызметі туралы акпартты жеткізеді, сондай-ақ Қатысушының Серіктестіктің бухгалтерлік және өзге де құжаттамамен танысу мүмкіндігін ұсынады.

Серіктестіктің Бас директоры бүндай акпартты жазбаша сұрауды алған күннен 15 (он бес) жұмыс күні ішінде ұсынады.

2. Серіктестіктің Бас директоры корпоративтік даулар бойынша сотта іс қозғау туралы Серіктестіктік Қатысушысына хабарлауы міндетті.

3. Корпоративтік дау бойынша сотта істің қозғалуы туралы ақпарат Серіктестік тиісті сот хабарламасын алу немесе корпоративтік дау бойынша азаматтық іс бойынша шақыру күнінен бастап жеті жұмыс күнінен кешіктірмей Серіктестіктің Қатысушысына ұсынылуы тиіс.

4. Серіктестіктің қызметіне қатысты құжаттар Серіктестің Бас директоры атынан атқарушы органның орналасқан жерінде ол жұмыс істеп тұрған бүкіл кезең бойында сақталады.

Мына құжаттар сақтауга жатады:

- 1) Жарғы, Жарғыға енгізілген өзгерістер мен толықтырулар;
 - 2) Серіктестік органдарының хаттамалары, шешімдері, күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдар;
 - 3) Серіктестіктің занұды тұлға ретінде мемлекеттік тіркеуден (қайта тіркеуден) еткені туралы куәлік;
 - 4) Серіктестіктің статистикалық карточкасы;
 - 5) Серіктестіктің белгілі бір қызмет түрімен айналысу және (немесе) белгілі бір іс-әрекетті жасау үшін алынған лицензиясы;
 - 6) Серіктестіктің оның теңгеріміндегі (теңгерімінде болған) мулікке құқығын растайтын құжаттар;
 - 7) Серіктестіктің филиалдары мен өкілдіктері туралы ережелер;
 - 8) Серіктестіктің ішкі қызметін реттейтін құжаттар.
5. Өзге құжаттар, оның ішінде Серіктестіктің қаржылық есептілігі, Қазақстан Республикасының зандарына сәйкес белгіленген мерзім ішінде сақталады.
6. Серіктестіктің қызметі туралы акпаратты жариялау үшін пайдаланылатын бұқаралық ақпарат құралдары «Республиканская газета «Казахстанская правда» АҚ мен «Егемен Қазақстан» республикалық газеті» АҚ болып табылады.

11-бап. Серіктестікті қайта құру

1. Серіктестік қайта құру (бірігу, қосылу, бөліну, бөлініп шығу, қайта құрылу) Серіктестік Қатысушысының шешімі бойынша ерікті түрде жүзеге асырылуы мүмкін.

Улесті иеліктен алу немесе Серіктестікке қатысушылар құрамының өзге де өзгеруі Серіктестік қайта құру болып табылмайды.

2. Заннамалық актілерде белгіленген жағдайларда, бөліну немесе оның құрамынан бір немесе бірнеше серіктестікердің бөлініп шығуы нысанында Серіктестікің қайта құрылуы уәкілетті мемлекеттік органдардың немесе сот шешімі бойынша жүзеге асырылады.

3. Заннамалық актілерде белгіленген жағдайларда, бірігу немесе қосылу нысанында Серіктестікің қайта құрылуы уәкілетті мемлекеттік органдардың келісімімен ғана жүзеге асырылуы мүмкін.

4. Қайта құрылған Серіктестікің мүлкі оны тіркеген сәттен бастап, егер заннамалық актілермен немесе қайта құру туралы шешіммен өзгеше көзделмесе, оның құқықтық мирасқорына өтеді.

12-бап. Серіктестікі тарату

1. Серіктестік оның Қатысушысының шешімі бойынша таратылуы мүмкін.

2. Сот шешімі бойынша Серіктестік мынадай:

1) банкротка ұшыраған;

2) Серіктестік құрылған кезде жіберілген жоюға келмейтін заң бұзушылықтарымен байланысты Серіктестікің тіркелгенін жарамсыз деп таныған;

3) қызметті тиісті рұқсатсыз (лицензиясыз) жүзеге асырган немесе заннамалық актілермен тыйым салынған қызметпен айналысқан не заннаманы бірнеше мәрте не өрескел бұзып жүзеге асырган;

4) заннамалық актілерде көзделген басқа жағдайларда таратылуы мүмкін.

3. Осы баптың 2-тармагында көрсетілген негіздер бойынша Серіктестікі тарату туралы талапты, егер заннамалық актілерде өзгеше көзделмесе, мүдделі тараптар сотка бере алады.

4. Серіктестікі Серіктестік Қатысушысы тағайындастын тарату жөніндегі комиссия немесе сот таратады.

Сот шешімімен тарату жөніндегі міндеттерді жүзеге асыру Серіктестікің өзіне, Серіктестікің уәкілетті органына; Серіктестікің құрылтай құжаттарын жоюға уәкілетті органға немесе сот тағайындаған өзге органға (тұлғага) жүктелуі мүмкін.

13-бап. Серіктестікің қызметін тоқтатуы

1. Серіктестікің қызметін тоқтатуға осы Жарғының 11 және 12-баптарында көрсетілген негіздерден басқа мынадай жағдайлар негіз болады:

1) егер жарғылық капиталдың азауы нәтижесінде оның мөлшері заннамада көзделген ең төменгі мөлшерден азаятын болса;

2) егер Қатысушы Серіктестік тіркелген сәттен бастап бір жылдың ішінде оның Жарғылық капиталын құрамаса.

2. Жарғылық капиталдың азауы нәтижесінде оның мөлшері заңнамада көзделген ең төменгі мөлшерден азайған жағдайларда, сонымен қатар Қатысушы Серіктестіктің Жарғылық капиталын заңнамада белгіленген мерзімде құрамаған жағдайда Қатысушы бір жыл ішінде жарғылық капиталға сәйкесінше қосымша салым салуға тиіс. Өзге жағдайда Серіктестік мүдделі тұлғалардың өтініші бойынша сот шешімімен таратылуға жатады.

14-бап. Қорытынды жағдайлар

1. Егер Жарғы ережелерінің бірінің күші жойылса, онда ол қалған ережелердің заңдылығын қозғамайды. Жарамсыз ереже құқықтық тұргыдан магынасы жуық ережемен алмастырылады.
2. Серіктестік қызметінің осы Жарғыда көрсетілмеген мәселелері Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларына сәйкес шешіледі.
3. Жарғы әділет органдарында мемлекеттік тіркеуден өткен сэттен бастап күшіне енеді.

ТОО «Energy Solutions Center» ЖШС
Бас директоры



М. Мұханбетов